

Ж.А. Тұрымбетова*

Сүлейман Демирель университеті, Қаскелең, Алматы, Қазақстан
(e-mail: zhanagul.turumbetova@sdu.edu.kz)

Қараджаоғлан шығармашылығында лирика жанры

Қазақ және түрік халықтарының рухани мәдениетіндегі көп ғасырлар бойы қалыптасқан, дамыған негізгі мұра — ақын-жыраулар мен ашықтар поэзиясы. Мақалада XVII ғасырдағы түрік ашық әдебиетінің ең көрнекті өкілі Қараджаоғланның поэзиясындағы көңіл-күй және табиғат лирикасының көркемдік ерекшеліктерінің айқын көріністері зерделенген. Ақынның туған жер, өзен-көлдер, таулар мен жазира жайлауларды жан дүниесімен тебірене жырлау дәстүрінің қазақ ақын-жыраулары шығармашылығымен үндес екендігін айқындау және бауырлас халықтар арасындағы тарихи-мәдени тамырластықтың тереңдігін дәлелдеу мақсат болып табылады. Көңіл-күй өлеңдері — лирикалық шығармалар ішінде жеке адамның жандүниесінде болып жатқан сапырылысқан, кейбірі үндес, көпшілігі қарама-қайшы ойлардың жырлануы. Көңіл-күй лирикасы үлгісіндегі өлеңдерде автор өмірдің қайшылық құбылыстарымен сәт сайын бетпе-бет келіп, дағдарысты және шешімді жағдайларды басынан өткізіп келе жатқан адамзаттың жандүниесіндегі жай-күйді сөз арқауына алады. Қараджаоғлаң өлеңдерінде фәни дүниедегі барлық әрекеттердің, кезеңдердің оша бермейтін өткіншілігі элегиялық сыршыл мұң тілімен беріледі. Ақынның өлеңдерінде табиғат тақырыбы көшпелі өмір салтымен өріле отырып, кейде сырласа, кейде тілдесе жырлау арқылы туған жерге деген ықыласын өте терең тенеулер арқылы жеткізуге тырысқандығы зерделенеді. Зерттеуде тарихи жүйелеу, әдеби талдау, тарихи-салыстырмалы сипаттау, жинақтау әдіс-тәсілдері қолданылды. Мақалада Қараджаоғланның таңдамалы өлеңдері түпнұсқадан аударылып, лирикалық жанрда жазылған өлеңдерін қазақ оқырмандарына таныстыру көзделген және қазақ-түрік әдеби байланыстарының терең тамырының көріністері нақты мысалдар нәтижесінде айшықталған.

Кілт сөздер: түрік әдебиеті, ақын-жыраулар, Қараджаоғлан, лирика жанры, ашықтық дәстүр, ақындық дәстүр.

Kipicne

XV ғасырға дейін «бақсы және озандар» шығармашылығы, XVI ғасырдан кейін «ашық әдебиет» атауына ие болған түрік халық әдебиетінің ашықтық дәстүрі осы саланың өлеңдік-саздық жанры болып табылады. Ашықтық өлең-жырлар ертеректе бүкіл түркі әлемі халықтарының арасында, оның ішінде Қазақстан мен Орта Азия халықтары арасында кеңінен таралған шамандық сеніммен байланысқан «озан, бақсы, кам» сияқты аттармен белгілі суырып-салма шайырлар мен жыраулардың ақын-жыршылық дәстүрлерін біздің заманымызға дейін жалғастырып келе жатқанымен қымбат. Түріктер ислам дінін қабылдағаннан кейін түрік озандары мұсылмандық дәстүрлерге жарасымды «ашықтар» деп, ал қобыздарына «саз» деп айтыла бастады. Сондықтан да халық озандары немесе саз шайырлары (ақындары) ұғымдарындағы ашықтарымыз түрік халық әдебиетінің іргетастық негізін қалаушылар қатарынан саналады.

XVII ғасыр түрік ашық әдебиетінің танымал ақындары арасында Қараджаоғланның есімі ел арасында қастерлі. Эрман Артун «Ашықтық дәстүрі және ашық әдебиеті» атты кітабында: «Ақынның халықты баурап алар негізгі ерекшелігі, өлеңдерінде жүрек жарды сезімдерінің қарапайым тілмен берілгендігінде» дей келе ол өз дәуірінің ғана емес сонымен қатар кейінгі нәсілге өнеге болар ақындық мектеп дәстүрін құрғандығы туралы мәліметтер береді [1; 242].

Артына өшпес із қалдырған Қараджаоғланның өмірбаяны туралы деректерге сүйенер болсақ, ол Адана қаласының Варсак ауылында дүниеге келген екен. Сайылоғулары руынан екені, Торос таулы аймағын мекендеген көшпелі түркімен тайпасынан шыққандығы мәліметтер туралы тарихи деректерде кездеседі. С.Н. Воробьева және Е.А. Оганованың Қараджаоғланның шығармашылығы туралы жазылған мақалада ақынның шыққан тегі және өскен ортасы туралы жырлаған жырларының тақырыбының өзара үйлесім тапқандығы туралы былай баяндайды: «Поэзия Караджаоглана наполнена бытовыми деталями из жизни туркменских племен и выращена на традициях народной песенной лири-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhanagul.turumbetova@sdu.edu.kz

ки, неразрывно связанной в творчестве поэта с очеловеченной анатолийской природой – соучастницей настроений и мыслей поэта. Караджаоглану принадлежат и нежные лирические признания, и разгульные песни, славящие радости вина и пирушек, в чем проявляется влияние городской литературы; есть у Караджаоглана и героические песни, возможно, созданные во время его военных походов, в то же время большое место в его поэзии занимают жалобы на тяготы странствий, разлуку с любимой» [2; 66]. Анкара, Кайсери, Кония, Караман, Адана, Диярбакр, Мардин, Халеп қалаларында болған, Мысыр, Сирия, Траблус, Греция елдерін аралаған, өмірінің көбін жат жерлерде өткізген екен. Караджаогланның бейіті Мут қыстағының Чукур ауылында жерленген сүйікті жары «Қараджақыз» мазарының жанында екендігі айтылады. Караджаоглан қолына саз алып, ел аралап, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлері тақырыбында өлеңдер жырлаған. Өлеңдерінің басым көпшілігі махаббат пен табиғат лирикасына арналған. Оның өлеңдерінде көктем, жаз, жасыл жайлау, асқар тау, мөлдір бұлақ сияқты табиғат сұлулығы үлкен суреткерлікпен баяндалған. Өмірі аңызға толы Караджаогланның бұл күндері 480-ге жуық өлеңдері жинақталған. Олардың ішінде 329 кошма, 89 семай, 43 түркі, 26 дастан бар екен [3; 511]. Өлеңдерінде буын өлшемін қолданған.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын жазу барысында алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін тарихи жүйелеу, әдеби талдау, тарихи-салыстырмалы сипаттау, жинақтау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Ақынның көңіл-күй лирикасын құрайтын өлеңдерінің негізгі кейіпкері — ақынның өзі. Әрине, көркемдік жинақтау заңдылықтары тұрғысынан қарағанда лирикалық өлеңдердің кейіпкері әуелде автордың өзі болғанымен, туынды жұртшылыққа таралып, танымал болғаннан кейін оқырмандар да, тыңдаушылар да өздерін кейіпкер тұғырында сезіне бастайды. Осы арада академик З. Қабдоловтың лирикалық өлеңнің табиғатындағы осындай құбылыс туралы айтқан пікірі ойымызға түседі: «Лириканың бас қаһарманы — ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі бұл арада өлеңді жазған адам оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл-күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. Ақын оқшау образ жасап, оқырманға «содан үйрен, не жирен» дегендей тенденциямен ғана тынбайды, оған тура өз басындағы сезім мен сырды түп-тұтас көшіре салады. Сонда ақын көкірегіндегі сезім — оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр оқырман сыры болады да шыға келеді» [4; 319]. Караджаогланның көңіл-күй лирикасына кіретін өлеңдерінде ақынның сезім өрнектерінің психологиялық иірімдермен жырланған сыршыл сымбатын танимыз. Сыршылдық, тереңдік — ақынның ішкі жан әлемінің қойнауларындағы әрі мәлім, әрі бей-мәлім сырлардың өлең тілімен астарлана өрнектелуі.

Көңіл-күй өлеңдері — лирикалық шығармалар ішінде жеке адамның жандүниесінде болып жатқан сапырылысқан, кейбірі үндес, көпшілігі қарама-қайшы ойлардың жырлануы. Көңіл-күй лирикасы үлгісіндегі өлеңдерде автор өмірдің қайшылық құбылыстарымен сәт сайын бетпе-бет келіп, дағдарысты және шешімді жағдайларды басынан өткізіп келе жатқан адамзаттың жандүниесіндегі жай-күйді сөз арқауына алады. Караджаогланның бір өлеңінде фәни жалған дүниедегі барлық әрекеттердің, кезеңдердің опа бермейтін өткіншілігі элегиялық сыршыл мұң тілімен беріледі. Лирикалық қаһарман ақын тынымсыз тіршілік қозғалыстарының ортасындағы жалынды жүректі адам көңілінің қартаймайтын қуаттылығын, өмірді сүйген от көңілді қалыпта болатынын, өткенді, бүгінді, болашақты мекендейтін ұрпақтар жалғастығын тебірене толғайды.

Караджаогланның «Мұңайма, көңіл, мұңайма!», «Бұл жалған дүниеге келгеннен бері», «Жүре-жүре бардым сол қара тасқа», «Жаздың алғаш айында» және т.б. шығармалары тіршілік қозғалыстарының ортасындағы әртүрлі құбылыстарды ой арқауына алған сезімдік тебіреністерді танытады. Ақынның көңіл-күйінің сан түрлі сезімдік құбылыстардан әсерлене толғануы — табиғи жағдай. Адамдардың ішкі жан дүниесіндегі өзгелер байқамайтын мұңды кейде қуанышты жағдайларды тек ақындар ғана толғайды. Ақынның жүрегі өмір құбылыстарының қарама-қайшылықты әсерлерін тез қабылдайды. Мысалы, Караджаогланның мына өлең жолдарынан фәнидегі өткінші жалған оқиғаларға деген адам көңілінің мұңлы-шерлі көзқарасын аңғарамыз:

*Şu yalan dünyaya geldim geleli,
Tas tas içtim ağuları sağ iken,
Kahpe felek vermez benim muradım,
Viran oldum mor sümbüllü bağ iken.*

*Aradılar bir tenhada buldular,
Yaslandılar şıvgalarım kırdılar,
Yaz bahar ayında bir od verdiler,
Yandım gittim ala karlı dağ iken... [5; 150].*

*Бұл жалған дүниеге келгеннен бері,
Кесе кесе іштім уды сау басыма.
Сайқал дүние бермес менің мұратымды,
Ойран болдым көк сүмбілді бақ кезінде.*

*Іздеді де тапты тыныш бір жерде,
Сындырды жастанған тал шыбығымды.
Жаз көктем айында бір от бергенде,
Жанып кеттім ала қарлы тау кезімде... [5; 150].*

Көңіл-күйдің сан алуан құбылыстары — адамның жандүниесіндегі күрделі ойлардың мағыналық сымбаты. Түрік ақындарының поэзиясында көркемдік негіздері тиянақталған лирикалық өлеңдердің психологиялық тереңдіктері ұлттық әдебиеттердің кейінгі дамуында да жалғасты. Бұл — поэзияның ұлттық және жалпыадамзаттық дамуына да жалғасқан көркемдік ерекшеліктердің бірі.

Түрік ақындары шығармаларының ішінде де табиғатты адамның көңіл-күй психологиясының арқауына ала жырлау дәстүрі сақталған. Табиғаттың тылсым күшінен, оның ішінде басында мәңгі мұз-қары бар таулардың айбынынан қуат алған, жаңбырмен көгерген жасыл шөптерден, жұпар гүлдерден, бау-бақшалар жемістерінен адамдарға жақсылық нұры даритынын Қараджаоғланның мына өлең жолдарынан сезінеміз:

*Başında da namli namli karın var,
Seni yaylamın zamana dağları.
Mecalim mi vardır çıksam başına
Kalmadı takatım amanım dağlar.*

*Yağmur yağar yeşil otlar bitirir,
Yel esince rayıhasın getirir.
Sarı çiçek servan kurmuş oturur,
Çimenli leylağa karışan dağlar.*

*Karac'olan der ki çöktüm oturdum,
Bağ bahçe diktim de meyva yetirdim
Altın top perçemli yavru yitirdim,
Kaldı bir köşede gümanım dağlar [5; 147].*

*Басыңда да әйгілі қарың бар,
Сені жайлауымның замана таулары.
Қайратым бар ма шықсам басыңа
Қалмады сабырым, амалым, таулар.*

*Жаңбыр жауар, жасыл шөптер шығарар,
Жел ескенде хош иісін аңқытып.
Сары гүлдер серуен құрып отырар,
Жасыл шөп, жұпар гүлмен безенген таулар.*

*Қараджаоғлан дейді: "Тізерлеп отырдым,
Бау-бақша егіп жеміс өсірдім.
Алтын кекілді бала өсірдім,
Қалды бір шетте күмәнім, таулар!" [5; 147].*

Қараджаоғланның «Жаздың алғаш айында» өлеңінде бұтақта толықсып піскен алманың тағдыры жырланады. Әрине, өлеңдегі алма — шартты алынған ұғым. Сол арқылы ақын алма кейіптеп әсем кезең атаулының өткіншілігіне, әсемдікті бағалайтындардың да, мәнін ұқпайтындардың да бар екендігіне күйзеледі. Алма тектес асыл, әсем нәрсенің уақытша екеніне күйзелген тіршілік ортасының психологиялық сипаты романтикалық тұрғыда суреттелген:

*Yazın evvel – baharında,
Teferrüçte gör almayı.
Yel esip yere düşmeden,
Budağında kır almayı.*

*Almanın budağı ağlar,
Göz yaşı durmayıp çağlar.
Beyler paşalar ağlar,
Diz üstüne kor almayı.*

*Mevlam ögmüş de yaratmış,
Mor menevşe boyun eğmiş.
Yavrunun elleri değmiş,
Al yüzüne sür almayı... [5; 165].*

*Жаздың алғаш айында,
Серуенде көр алманы.
Жел есіп жерге түспеген,
Бұтағында көр алманы.*

*Алманың бұтағы жылар,
Көз көл болып ағар.
Билер, патшалар жылар,
Тізе үстіне қой алманы*

*Жаратқан мақтап жаратыпты,
Көк менекше (гүл) бас иіпті.
Сәбидің қолдары тиіпті,
Ақ жүзіңе тигіз алманы... [5; 165].*

Табиғаттағы ең қасиетті нәрселерді кие тұта жырлау — түркілік наным–сенімнің көрінісі. Түрік ақындарының табиғат құбылыстарына арналған өлеңдерінде таумен, құспен, желмен, ағаштармен және т.б. нәрселермен тілдесе жырлау тұрақты қолданылған. Қараджаоғланның көктем көріністеріне арналған бір өлеңінде табиғаттың түлеуі, жаңғыруы, өзгерістерінің уақыт пен кеңістіктегі аса әсерлі ықпалды болмысы бейнеленеді. Түркілер поэзиясындағы жыл басы көктемде болатын серпілістер «Сайрай бастады талдарда бұлбұлдар», «Ерекше ашылды әсем гүлдер», «Жел соғып келер жайлау ортасында», «Түрлі гүлдерге безенді таулар» сынды бейнелілік өрнектерімен жырланады. Ақынның табиғатпен тілдесе отырып, соған қарата тілек арнауы («Бұлбұл неге жатырсың, көктем келді!») да адамның жаратылыс құбылыстарымен үнемі сұхбат құрып жүретін көңіл–күй психологиясын сездіреді.

Қараджаоғлан ашықтың таулардың көктемгі өзгерістер кезеңіндегі құбылыстарына арнаған өлеңі де табиғат пен адам көңілінің егізделе өрілген психологиялық болмысын айқындайды. Өлеңдегі бейнелілік өрілімдерінің мағыналық сипатынан табиғат өзгерістерін поэтикалық кейіптеу тәсілімен бейнелеуде ақынның лирикалық сыршылдықты, психологиялық–философиялық ойлылықты үйлестіре қолданғанын көреміз. Академик З. Ахметовтің анықтамасы бойынша: «Кейіптеу (олицетворение) — әртүрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп, немесе, қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл» [6; 108]. Қараджаоғлан поэзиясындағы табиғат құбылыстарын жанды тіршілік иелерімен барабар етіп бейнелеулер арқылы жалпы адамзаттың оның ішінде түркілердің қоршаған жаратылыспен бірге тыныстайтын айрықша болмысы анықталады. Қараджао-

ғланның «Чукурова» өлеңінде осы аттас мекеннің әсем көрінісін мына жыр жолдарымен жеткізуге тырысқандығын көре аламыз:

*Çukurova bayramlığını giyerken,
Çıplaklığını üzerinden soyarken,
Şubat ayı kış yelini kovarken,
Cennet dense sana yakışır dağlar*

*Ağacımız yapraklarla donanır,
Taşlarımız bir birliğe inanır,
Her çiçekler bağrınızda döner,
Pınarınız çağlar akışır dağlar.*

*Rüzgar eser dallarımız atıştır,
Kuşlarımız birbiriyle ötüşür,
Ören yerler bu bayramdan pek üşür,
Sünbül niçin yaşlı bakışır dağlar... [5; 154].*

*Чукурова мерекелік киім кигенде,
Жалаңаштанып киім шешкенде,
Ақпан айы қыс желін қуалағанда,
Жұмақ десе саған жарасар, таулар.*

*Ағаштарың жапырақтармен оранғанда,
Тасың тіпті, бір Тәңірге сенгенде.
Бүкіл гүлдер бауырыңда гүлденер,
Бұлақтарың сылдырлап ағар, таулар.*

*Жел соққанда бұтақтарың сыбдырлар,
Құстар бір-бірімен сайрап тілдесер.
Гүлденген жер бұл мейрамда жаурауда (тоңуда),
Сүмбұл неге қайғырып қарайды, әй таулар?... [5; 154].*

Таулармен, оның етегін көмкерген табиғатпен тебірене сырласуы арқылы ашықтар поэзиясының ежелден қалыптасқан түркілік дүниетанымды дамыта, тереңдете жырлағанын бағалаймыз. Садық Эрөл Эрдін «Қараджаоғлан шығармашылығының философиялық негіздері» атты мақаласында ақынның тілдік стиліне қатысты мынадай ерекшеліктерді атап айтады: «Көшпелі ақын Қараджаоғлан өлеңдерінде «табиғат тілін» қолданады. Бұл тіл адам мен табиғат қақтығысын тудыратын үстемдік түсінігін жоққа шығаратын тіл. Сонымен бірге бұл тілдегі табиғат пен адам арасындағы туа біткен байланыстан туындаған тыныштық немесе мазасыздық да назар аудартады. Мазасыздық әдетте сүйіктісімен қайта қосылуға кедергі келтіретін жағдайда көрінеді» [7; 190].

Қорытынды

Қазақ ақындары және түрік ашықтары поэзиясындағы лирикалық–психологиялық сыршылдық сарындардың түп негізі — тарихи–этнографиялық, мифологиялық наным–сенімдер. Ұлан–байтақ Азия мен Еуразия кеңістігінде мыңдаған жылдар бойы жайлаған түркі тұқымдас халықтардың дүниетану көзқарастары сөз арқауындағы Көк Тәңірі — Көк түріктері — Қасиетті Жер-Су ұғымдарының егізделе, тұтаса санаға сіңуі тұрғысында бағаланады. Бәлкім, Кіші Азиядағы Анадолы жеріне сонау XII–XIII ғасырларда үдере қоныс аудару — жаңа да жайлы қонысты, мәңгілік сұлу табиғатты аңсаған түркілік–романтикалық көңіл–күй психологиясының әсері шығар. Әйтеуір, жер шарының қай түкпіріне барса да түркілер сол мекендерді гүлдендірген, көркейткен, бүкіл адамзатқа жақсылық нұрын сепкен мекендерге айналдырған. Бұл — түркілердің дара қасиеті. Ақындар поэзиясындағы осы бір дара қасиет Анадолы жерінде Қараджаоғлан секілді саз шайырлары арқылы өз жалғасын тапқан. Түрік әдебиетін зерттеуші ғалымдардан Эрман Артун Қараджаоғлан туралы былай дейді: «Қараджаоғланның өлеңдерінде көшпелі түрікмен тайпаларының күнделікті өмір салты таңбадай қаланған: кө-

шіп қонуы, той-томалақтары, киіну стилі, бай дастарханы, салт-дәстүрі және т.б. Ең маңыздысы, табиғат осы тақырыптардың негізгі декоры болып табылады» [1; 242].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Artun E. Aşıklık Geleneği ve Aşık Edebiyatı / E. Artun. – Ankara: Akçağ yayımları, 2001.
- 2 Воробьева С.Н. Любовные песни турецкого ашыка Караджаоглана: основные мотивы и система поэтической образности / С.Н. Воробьева, Е.А. Оганова // Litera. — 2021. — № 11. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=34321.
- 3 Karaalioglu S.K. Resimli Motifli Türk Edebiyatı Tarihi: 1.cilt / S.K. Karaalioglu. — İstanbul: İnkilap ve Aka Basımevi, 1980. — 814 p.
- 4 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар / З. Қабдолов. — 2 т. — Алматы: Жазушы, 1983. — 456 б.
- 5 Тұрымбетова Ж.А. Түріктің ашықтық және қазақтың ақындық поэзиясындағы дәстүр үндестігі (XIV-XIX ғ.ғ.) / Ж.А.Тұрымбетова. — Алматы: Print World баспасы, 2018. — 253 б.
- 6 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 80 б.
- 7 Er S.E. Karacaoglan Şiirinin Felsefi Temelleri / S.E. Er // Millî Folklor. — 2020. — No 127. — P. 186-193.

Ж.А. Турумбетова

Жанр лирики в произведениях Караджаоглана

Основным наследием духовной культуры казахского и турецкого народов, формировавшейся на протяжении многих веков, является поэзия певцов и сказителей. В статье рассмотрены яркие проявления художественных особенностей жанра лирики настроения и природы в поэзии Караджаоглана, наиболее яркого представителя турецкой ашыкской литературы XVII века. Традиция поэта — воспевать родные края, реки, озера, горы и пастбища — гармонирует с творчеством казахских певцов и сказителей, таким образом можно увидеть связь исторических и культурных корней между братскими народами. В произведениях Караджаоглана тема природы тесно переплетается с кочевым образом жизни, и свою любовь к родному краю поэт пытается передать через выразительные метафоры, иногда делясь тайнами, а нередко и беседуя с читателями. Автором применены методы литературоведческого анализа текста, а также историко-сопоставительного описания. На конкретных примерах рассмотрены произведения в лирическом жанре путем перевода избранных стихотворений Караджаоглана. Кроме того, очевидно стремление автора всесторонне познакомить казахстанских читателей с ашыкской лирической традицией рождения стихов и раскрыть глубокие корни казахско-турецких литературных связей.

Ключевые слова: турецкая литература, певцы и сказители, Караджаоглан, жанр лирики, ашыкская традиция, поэтическая образность.

Zh.A. Turumbetova

lyricism in the works of Karacaoglan

The main heritage of the spiritual culture of the Kazakh and Turkic peoples, which has been formed for many centuries, is the poetry of poets and minstrels. The article examines the vivid manifestations of artistic peculiarities of the lyricism of the mood and the nature in the poetry of Karacaoglan, the most prominent representative of the Turkic minstrelsy literature of the XVII century. It turns out that the poet's tradition of singing about the motherland, rivers, lakes, mountains and pastures is in harmony with the work of Kazakh poets and minstrels, and we look at the depth of historical and cultural roots between fraternal peoples. In Karacaoglan's poems, the theme of nature is intertwined with a nomadic way of life, and he sometimes tries to convey his love for his native land with very deep metaphors in his poems sometimes by sharing secrets, and sometimes by conversing. Historical systematization, literary analysis, historical-comparative description, collection methods were used in the research. In the article we aim to translate selected poems of Karacaoglan from the original, to acquaint Kazakh readers with his poems written in lyricism, and to reveal the deep roots of Kazakh-Turkish literary ties.

Keywords: Turkic literature, minstrels, Karacoglan, lyricism, minstrelsy tradition, poetic tradition.

References

- 1 Artun, E. (2001). Aşıklık Geleneği ve Aşık Edebiyatı. [Minstrel Tradition and minstrel Literature]. Ankara: Akçağ [in Turkish].
- 2 Vorobieva, S.N., & Oganova, E.A. (2021). Liubovnye pesni turetskogo ashyka Karadzhaoglana: osnovnye motivy i sistema poeticheskoi obraznosti [Love Songs of the Turkish Ashyk Karacaoğlan: Main Motifs and the System of Poetic Imagery]. *Litera, 11*. Retrieved from https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=34321 [in Russian].
- 3 Karaalioğlu, S.K. (1980). Resimli Motifli Türk Edebiyatı Tarihi [The History of Turkish Literature with Illustrated Motifs]. İstanbul: İnkilap ve Aka Basımevi [in Turkish].
- 4 Kabdolov, Z. (1983). Eki tomдық tangdamaly shygarmalar [Selected works in two volumes]. Vol. 2. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 5 Turumbetova, Zh. (2018). Turikting ashyqtyq zhane qazaqtyng aqyndyq poeziyasyndagy dastur undestigi (XIV-XIX gg.). [Harmony of traditions poetry in Turkish minstrel and Kazakh poetic (XIII-XIX centuries)]. Almaty: Print World [in Kazakh].
- 6 Ahmetov, Z., & Shangbayev, T. (1996). Adebiettannu terminderining sozdigi [Dictionary of literary terms]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 7 Er, S.E. (2020). Karacaoğlan Şiirinin Felsefi Temelleri [Philosophical Foundations of Karacaoğlan Poetry]. *Millî Folklor, 127*, 186-193 [in Turkish].